

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 734 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық мүлік «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№

7 3 4

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б.Сағынтаев

Р е с п у б л и к а с ы

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге республикалық меншіктен берілетін мүліктің тізбесі

Р / с №	Мүлік атауы	Орналасқан жері	Ескертпе
1	2	3	4
1.	құрылысы аяқталмаған объекті	Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы	алаңы 5228,72 шаршы метр, жер учаскесінің алаңы 0,5 гектар

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2016

жылғы

24

қарашадағы

№ 734 қаулысына

2-қосымша

«Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге республикалық меншіктен берілетін мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүлік атауы	Орналасқан жері	Ескертпе
1	2	3	4
1.	құрылысы аяқталмаған объекті	Алматы қаласы Әуезов ауданы № 3 шағын ауданы, Ұлықбек көшесінен оңтүстікке, Сайын көшесінен шығысқа қарай	алаңы 3110 шаршы метр, жер учаскесінің алаңы 0,2002 гектар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК